

## ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Елкей Н.Н.**

*muzlife.nbek@mail.ru*

А.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауының қазіргі таңда қоғам, мемлекет үшін өзектілігі сондай ел ішінде қызу талқылануда. Биылғы Жолдаудың тақырыбына сай Елбасымыз төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін айта отырып, сол нәтижеге жету жолындағы 10 бағыт бойынша атқарылатын маңызды міндеттерді атап көрсетті.

«Біз жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болу қажеттігін ескеріп, "Қазақстан-2050" даму стратегиясын қабылдадық. Алдымызға озық дамыған отыз елдің қатарына кіру мақсатын қойдық. 100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Өткен жылы Қазақстанның Үшінші жаңғыруы бастау алды. Индустрияландыру бағдарламасы табысты іске асуда. "Цифрлық Қазақстан" кешенді бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының кешенді стратегиялық жоспары жасалды» - деп жарқын болашаққа нық қадаммен алға басқан еліміздің жан-жақты дамуы жолында атқарылып жатқан игі істерді Елбасымыз өз Жолдауында баяндап өтеді.

Қазақтың тұңғыш ғалымы **Шоқан Уәлихановтың** «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» [1] деп айтқан қанатты сөзі бүгінгі тәуелсіз еліміздің жастары үшін болашаққа бастау мұраты болмақ. Бұлай дейтініміз, қазіргі қарыштап дамып жатқан Әлем өркениетінің негізі сапалы оқу-біліммен тығыз байланысты екендігі баршамызға аян. Сондықтан Қазақстанның бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары алдыңғы қатарлы елдердің біріне айналуымыз керек. Ол үшін ең бірінші ел ішінде оқу-білім саласына көп көңіл бөлуіміз қажет. Бұл мәселе Елбасы Жолдауында назардан тыс қалмаған.

2018 жылғы Елбасы Жолдауындағы «**Адами капитал – жаңғыру негізі**» атты «**ЖЕТІНШІ**» бағыт үлкен басымдыққа ие болып отыр.

Жолдаудың жетінші бағытында баяндалған мәселелерге тоқталатын болсақ, жалпы барлық жастағы азаматтардың білім беру жолында өзіміздің озық жүйемізді құру, педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қазіргі уақытта қайта қарау, университеттердегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту, жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындау мақсатында білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын арттыру, ел азаматтарының болашағы ретінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеру, латын әліпбиіне көшу, цифрлық білім беруді дамыту, «Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыру, орта мектеп, колледж, ЖОО үздік оқытушыларының бейне сабақтары мен бейне лекцияларын Интернетке орналастыру, жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар бойынша квота бөліп, оларды қолдаудың жүйелі саясатын жүргізу, оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салу мәселелері және т.б. қамтылған. Осы тұрғыда, әлемдік деңгейдегі білім беру мәселелерін қалыптастырмай Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуды жүзеге асыру да еш мүмкін емес. Сондықтан Елбасының Жолдауын жүзеге асыру мақсатында **А.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті** ауқымды жұмыстар жүргізуде. Жастарымыздың сапалы білім алуына, олардың жоғары жетістіктерге жетуіне университетімізде жан-жақты жағдай жасалған.

Бүгінгі жаһандық Әлемнің қарыштап дамуы білім беру жүйесінен күн сайынғы жаңашыл технологиялық өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етуде. Олай дейтініміз, Әлем қазіргі күні «жаңа технологиялық білім қоғамын» құру бағытында. Бұл идея бүкіл білім беру жүйесіне жаңашылдық енгізіп, оны модернизациялауды қажеттейді. Оқу-білім – қоғамдағы қозғаушы күш. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әр мемлекеттің жан-жақты дамуы сол елдің білім жүйесі мен адами капиталының білімі мен біліктілігіне, кәсіби құзіреттілігімен тікелей байланысты. Өйткені, оқу-білім арқылы қоғамның зияткерлік капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады.

Еліміздің білім беру саласын модернизациялау, оқитудың ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологияларды меңгеру сынды заманауи бағыттарды жүзеге асыру жұмыстары Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық Бағдарламасы, білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық құжаттарынан үлкен қолдау тапты. Әсіресе, Елбасы жариялаған «Қазақстан-2050» стратегиялық Жолдауында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты ретіндегі «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының мәні ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сынды ұлы құндылықтар арқылы түсіндіріледі. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген білімді ұрпақ – мәңгілік елдің тірегі болмақ.

Сонымен қатар, бұл ауқымды мәселе туралы Елбасы Н. Назарбаев 2017 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы «төртінші басымдық - адами капитал сапасын жақсарту» бағытында: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты

дамытуға баса көңіл бөлу керек» [2] - деп атап өткен болатын. Осыдан-ақ, Елбасы Жолдауынан еліміздің білім беру саласына заманауи технологиялардың қажет екендігін айқын аңғарамыз.

Педагогикалық оқытудың жаңа технологиялары еліміздің білім беру мекемелерінде толықтай жүргізіліп келеді. Осы тұрғыда, ЖОО-да студенттерге білім беруде инновациялық технологияларды қолдану - оқытушылар үшін үлкен жетістік болып отыр. Өйткені, озық технологияны меңгеру арқылы шәкірт тәрбиелеу – педагог маманның кәсіби өсуінің белгісі. Сондықтан студент-жастардың тұлға ретінде дамуы үшін жаңа педагогикалық технологиялардың маңызы зор.

Білім арқылы бәсекеге түсу, білім арқылы озу - қай жағынан алғанда маңызды міндет. Бұл ретте қазақстандық білім берудің басты міндеті - білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Президент білім саласын дамыту туралы айтқанда, оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттауды, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керектігін алға тартады. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайтуға назар аударады. Ал Үкіметке жүктелген тапсырмалар қатарында үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу белгіленді.

Қазіргі білім беру технологиялары бойынша жүйелі білімдерді меңгере отырып, оқу процесінде жаңа технологияларды қолдану – оқытушының қоғам алдындағы зор міндеті болып табылады. Заман өзгеруде, күн сайын жаңа заман талабына сай оқу үрдісінде түрлі сан-салалы әдістер мен технологиялар пайда болуда. Осыны жете түсініп, қазіргі жаһандану процесі кең етек алып жатқан тұста болашақ мамандардың білім беру технологияларын толықтай игеріп, сапалы білім берудің көкжиегін кеңейтуге мол мүмкіндік туып отыр. Бүгінде технология дамыған заманда білім саласына өзгерістер енгізу қажеттігі туындап отыр. Оқыту әдістері мен тәсілдерін жаңартып қана қоймай, білімге деген қолжетімділікті арттыру қажет. Ол үшін үздік оқытушылардың бейнесабақтарын ғаламтор желісі арқылы баршаға қолжетімді етсе, білім алушы да, жас маман да өзіне қажеттісін алуға мүмкіндік алады.

Сонымен, жаңа ақпараттық технологияның ішінде ең тиімді технологияларға: *оқытудың компьютерлік технологиясы, мультимедиялық технологиялар, презентациялық технологиялар, дистанциялық оқыту технологиялары* кіреді.

**Оқытудың компьютерлік технологиясы** — ақпаратты бейнелеу, тасымалдау және жинақтау, оқушының танымдық әрекетін бақылау және басқару сияқты оқытушының кейбір функцияларын модельдейтін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары және интерактивті программалық өнім негізінде жұмыстың педагогикалық шарттарын жасау тәсілдері, әдістері, құралдары жиыны.

**Мультимедиялық технологиялар** — бейнелік және аудиоэффектілік, әр түрлі мультипрограммалық мүмкіндіктерді интерактивті программалық жабдықтың басқаруымен орындата алатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері. Мультимедия құралдары деп әр түрлі орталарды: графиканы, гипермәтінді, дыбысты, анимацияны, бейнелік көріністерді пайдалана отырып, тұтынушының компьютермен әрекеттесуін жүзеге асыратын аппараттық және программалық -құралдардың біріктірілген кешендерін айтады.

**Презентациялық технологиялар.** Бұл технология, бір жағынан, студенттерге жаңа материалдарды (иллюстрациялар, фотографиялар, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекі түрде көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, оқытушыға осы материалдарды

дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген тәжірибелер презентациялар технологиясын пайдалану білім алушының оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады, ең бастысы — оқытушыларды жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға дағдыландырады. Осыған қоса, оқу орнында жергілікті компьютерлік желісі болуы және бұл желінің Интернет жүйесіне қосылуы мұғалімдердің жаңа технологияны игеруге үлкен мүмкіндік жасар еді.

**Дистанциялық оқыту технологиясы**- ақпараттық коммуникациялық технологиялық құралдар (компьютерлер, телекоммуникациялар, мультимедия құралдары) және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Бүгінгі таңда осы технология жетілген елдерде өте кең тараған.

Қорыта келгенде, жаңа педагогикалық технологиялар арқылы оқытуды ізгілендіру, студенттердің өздігінен бағыт-бағдарын анықтап, дамуына, ең бастысы, өзін-өзі тәрбиелей алатын тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасауға болатыны күмәнсіз. Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды. Сондықтан, қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір тұлға болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру оқытушының зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

#### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1. Интернет-ресурс: <http://oilar.kz/quote/836>
2. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. //Егеменді Қазақстан. – 2017 ж. 31 қаңтар.
3. Елубай С. Білім беру технологиясының қазіргі проблемалары. Алматы, 2001 ж.